8D10101 «Қоғамдық денсаулық сақтау» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне ұсынылған Амирханова Гулсим Нуркеновнаның «Дәрілік заттарды ұтымды пайдалану мәселелерін және фармацевтердің жалған дәрілік заттар туралы хабардар болу деңгейін талдау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

ПІКІР

Докторант Амирханова Гулсим Нуркеновна 2017 жылы Оңтүстік Қазақстан фармацевтика академиясын «Фармация» факультетін бітірді. 2018 жылы «Фармация» мамандығы бойынша магистратураны тәмамдап, медицина ғылымдарының магистрі дәрежесін алды. 2022-2025 жж. Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университетінде 8D10101 «Қоғамдық денсаулық сақтау» білім беру бағдарламасы бойынша ғылыми-педагогикалық бағыттағы докторантурадағы оқуын сәтті аяқтады.

Г.Н. Амирханова докторантураның базалық және профилдік пәндерін сәтті меңгеріп, емтихандарын уақытында және жоғары нәтижемен тапсырды. Оның зерттеу жұмысы жеке жоспарға сәйкес жүйелі түрде орындалып, белгіленген мерзімде ғылыми-зерттеу есептері уақтылы беріліп отырды.

Диссертациялық жұмысының тақырыбы «Дәрілік заттарды ұтымды пайдалану мәселелерін және фармацевтердің жалған дәрілік заттар туралы хабардар болу деңгейін талдау» – қоғамдық денсаулық сақтау және фармация саласындағы маңызды әрі өзекті мәселелердің бірін қарастырады. Зерттеудің мақсаты теориялық және тәжірибелік маңызға ие.

Г.Н. Амирханова зерттеу жұмысының барлық кезеңдерін өз бетінше жүйелі түрде жүзеге асырды: отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерді талдау, фармацевттер мен науқастарға сауалнама жүргізу, статистикалық деректерді жинау және өңдеу, докторлық диссертация жазу, сондай-ақ ғылыми негізделген практикалық ұсыныстар әзірлеу. Докторант ғылыми-зерттеу жұмысының халықаралық стандарттарына сай әдістерді қолданып, алынған нәтижелерді нақты және дәлелді түрде ұсынды.

Зерттеу нәтижесінде докторант өзіне жүктелген барлық міндеттерді толығымен орындап, ғылыми жаңалықтар мен денсаулық сақтау саласында қолдануға болатын практикалық ұсыныстар әзірледі. Бұл нәтижелер Қазақстанда ғана емес, халықаралық деңгейде де қолданылуға лайықты.

Докторант зерттеу жұмысын орындау кезінде жоғары жауапкершілік пен кәсібилігін көрсетіп, ғылыми ізденімпаздығымен ғылыми қауымдастықтың оң бағасын алды. Ол ғылыми кеңесшілерімен тығыз байланыста жұмыс жасап, диссертациялық жұмыстың жоғары ғылыми деңгейде орындалуын қамтамасыз етті.

Диссертация тақырыбы бойынша Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда 2 мақала, Scopus халықаралық базаларында индекстелетін басылымдарда 1 мақала. Зерттеу нәтижелерін ендіру бойынша 5 ендіру актілері жасалған.

Оның зерттеу жұмысы денсаулық сақтау саласына маңызды үлес қосып, ғылыми-зерттеу қызметінің жоғары стандарттарына сай келеді.

Осыған орай, Амирханова Гулсим Нуркеновнаның «Дәрілік заттарды ұтымды пайдалану мәселелерін және фармацевтердің жалған дәрілік заттар туралы хабардар болу деңгейін талдау» тақырыбындағы докторлық диссертациясы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен «Ғылыми дәрежелер беру қағидалары» талаптарына толық сәйкес келеді. Зерттеуші 8D10101 «Қоғамдық денсаулық сақтау» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

Ғылыми жетекші,
КеАҚ «Марат Оспанов атындағы БҚМУ»-нің
«Мейіргер ісі курсымен, Қоғамдық денсаулық
және денсаулық сақтау»
кафедрасының жетекшісі,
м.ғ.к., профессор **Л.С. Ермуханова**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ «МАРАТ ОСПАНОВ АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
ҚАДРЛАРДЫ ЕСЕПКЕ АЛУ БӨЛІМІ